

Жарқайың аудандық мәслихатының 2018 жылғы 25 желтоқсандағы № 6С-34/2 "2019-2021 жылдарға арналған Жарқайың ауданы Державин қаласының бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақмола облысы Жарқайың аудандық мәслихатының 2019 жылғы 26 шілдедегі № 6С-41/2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 29 шілдеде № 7296 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106 бабының 4 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес Жарқайың аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жарқайың аудандық мәслихатының "2019-2021 жылдарға арналған Жарқайың ауданы Державин қаласының бюджеті туралы" 2018 жылғы 25 желтоқсандағы № 6С-34/2 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7032 тіркелген, 2019 жылғы 15 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. 2019-2021 жылдарға арналған Жарқайың ауданы Державин қаласының бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 73865,0 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер - 46606,0 мың теңге;

трансферттер түсімі - 27259,0 мың теңге;

2) шығындар - 77511,5 мың теңге;

3) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 теңге;

4) бюджет тапшылығы (профициті) - -3646,5 мың теңге;

5) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 3646,5 мың теңге.

";

2 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"2. 2019 жылға арналған Жарқайың ауданы Державин қаласының бюджетінде аудандық бюджеттен берілетін бюджеттік субвенциялар 24458,0 мың теңге сомасында қарастырылғаны ескерілсін.";

2-2 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"2-2. 2019 жылға арналған Жарқайың ауданы Державин қаласы бюджетінің шығыстар құрамында республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер 2501,0 мың теңге сомасында қарастырылғаны ескерілсін, оның ішінде;

1265,0 мың теңге мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге;

1236,0 мың теңге азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге;"

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы,
аудандық мәслихат
хатшысының міндетін
атқарушы

А.Пугачёв

"КЕЛІСІЛДІ"

Жарқайың ауданының әкімдігі

Жарқайың аудандық
мәслихатының
2019 жылғы 26 шілдедегі
№ 6С-41/2 шешіміне
қосымша
Жарқайың аудандық
мәслихатының
2018 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 6С-34/2 шешіміне
1 қосымша

2019 жылға арналған Державин қаласының бюджеті

Санаты			С о м а мың теңге
	Сыныбы		
		Кіші сыныбы	
		Атауы	
		I.Кірістер	73865,0
1		Салықтық түсімдер	46606,0
	01	Табыс салығы	19805,0
	2	Жеке табыс салығы	19805,0
	04	Меншікке салынатын салықтар	26801,0
	1	Мүлікке салынатын салықтар	530,0

	3	Жер салығы	5707,0
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	20564,0
4		Трансферттер түсімі	27259,0
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	27259,0
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	27259,0

Функционалдық топ				Сома мың теңге
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
	Бағдарлама			
		Атауы		
		II. Шығындар		77511,5
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер		25111,1
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты		25111,1
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	24811,1
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	300,0
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық		44400,4
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты		44400,4
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	15302,1
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	7575,0
		010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	4650,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	16873,3
12		Көлік және коммуникация		8000,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты		8000,0
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	8000,0
		III. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо		0
		IV. Бюджет тапшылығы (профициті)		-3646,5
		V. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)		3646,5
8		Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары		3646,5
	01	Бюджет қаражатының қалдықтары		3646,5
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	3646,5